

***Атырау қаласының**

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің

қаулысы (№73-ПГВР 05.06.2020ж)

**«КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ (COVID-19) ТАРАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ
ЖӘНЕ АТЫРАУ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ»**

Мен, Атырау қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Ғайнеденов Қанат Бақбергенұлы, Қазақстан Республикасы «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 150 бабына, ҚР Үкіметі жанындағы ведомствоаралық комиссияның хаттамасына сәйкес және Атырау қаласы тұрғындары арасында 7 күн ішіндегі COVID-19 індетімен аурушылық деңгейінің 5 %-дан жоғары өсіп кетуіне байланысты, **Қаулы етемін:**

1. Эпидемиологиялық ахуал толық тұрақталғанға дейін Атырау қаласында карантиндік шектеу шараларын сақтау;

2. Атырау қаласының әкімдігіне:

1) көріп тамашалайтын, спорттық және басқа да көпшілік шараларды, сондай-ақ, отбасылық, еске алу, соның ішінде үйдегі шараларды өткізуге тыйым салуды;

2) қаланың ірі алаңдары мен парктерінде (Исатай-Махамбет алаңы, Жеңіс саябағы және Ретро парк) болуға тыйым салуды;

3) кинотеатрлардың, театрлардың, көрмелердің, интернет және компьютер клубтарының, ойын орындарының және басқа адамдар көп жиналатын нысандардың қызметіне тыйым салуды;

4) ойын-сауық нысандарының (түнгі клубтар, қорқор шегетін орындар, букмекерлік кеңселер, бильярд, караоке, ps-клубтар, квесталар, антикафе, боулинг-орталықтар және басқа) қызметіне тыйым салуды қамтамасыз етсін.

5) өз жұмысын жандандырған нысандарда эпидемияға қарсы шаралардың сақталуына мониторинг және бақылау жүргізу жөніндегі мобильді топтардың жұмысын ұйымдастырып, талапты бұзған тұлғаларды ҚР заңнамасында

қарастырылған шаралар шеңберінде жауапкершілікке тартып, бұқаралық ақпарат құралдарында жария етсін.

3. Атырау қаласының тұрғындарына:

- 1) облыс аумағында және одан тысқары жерлерде еркін жүріп-тұруына рұқсат етіледі;
- 2) жабық орындарда және көшеде, соның ішінде сауда нысандарында, қоғамдық орындарда, қоғамдық көлік аялдамалары мен басқа да адамдар көп шоғырланатын орындарда әлеуметтік арақашықтықты (бір бірінен кем дегенде екі метр) сақтау талап етіледі;
- 3) барлық жерде де, соның ішінде қоғамдық көлікте бетпердесіз жүруге тыйым салынады.
- 4) қаланың ірі алаңдары мен саябақтарында (Исатай-Махамбет алаңы, Жеңіс саябағы мен Ретро парк), сондай-ақ басқа да адамдар көп шоғырланатын қоғамдық орындарда болуға тыйым салынады;
- 5) респираторлық инфекцияның алғашқы белгілері (тұмау, түшкіру, температура) білінген жағдайда, медициналық ұйымдарға бармай-ақ, үйде отырып, 103 нөмірі бойынша жедел медициналық жәрдем қызметін шақырту жолымен медициналық көмекке жүгіну қажет;
- 6) адамдардың көп жиналуымен отбасылық және еске алу шараларын, жабық орындарда спорттық шараларды өткізуге тыйым салынады.

4. Атырау қаласының ішкі саясат бөлімі:

- 1) облыс тұрғындары арасында, бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу жөнінде бұқаралық ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылауды өзімнің жауапкершілігіме қалдырамын.

6. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қ.ҒАЙНЕДЕНОВ,

Атырау қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері

